

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ

Подсекция 9.1 *Отечественная история*

УДК 961/959 (5Каз)

МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ ТАРИХИ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Абиев Еркебұлан Мұратұлы

Abiev_erkebulan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: А.С. Мұсағалиева

Әр мемлекеттің, жалпы алғанда бүкіл әлемдік қауымдастықтың болашағы жастармен тікелей байланысты екені рас. «Жастар мен қоғам үнемі өзгеріп отыратын өзара байланыста. Бүгінгі жастар өмірлік тәжірибе жинақтай отырып ертеңгі күні белсенді жасампаз күшке айналады, сөйтіп өзінің өмірлік даналығын жаңа ұрпақтарға береді. Сондықтан да болашақтағы ересектер – бүгінгі жастар әрбір қоғамның ең бағалы құндылығы болып табылады. Әр өміршен дамушы қоғам үшін барлық ұрпақтардың үзілмейтін байланысы, өзара түсіністігі мен өзара әрекеттестігі ерекше маңызды. Қоғамның тұрақтылығы мен қазіргі ұрпақтардың болашақ алдындағы жауапкершілігінің кепілі де осы». Жастар қоғамның сақталуы мен дамуы үшін, оның мәдениеті мен тарихының сабақтастығы үшін, аға ұрпақтардың өмірі мен келесі ұрпақтардың өсіп-өрбуі үшін басқа әлеуметтік топтар алмастыра алмайтындай ерекше жауапты. Олар – тарихи, саяси, әлеуметтік-мәдени дамудың етене субъектісі болып табылатыны рас.

Қазіргі заманауи қоғамның жастар саясатына берілген негізгі анықтамалары жеке бір мемлекеттің ішінде оның дамуының әртүрлі тарихи кезеңдерінде өзгеріп отыратыны, сондай-ақ жекелеген елдердің немесе мемлекеттер тобының шеңберінде де ерекшелетіні бар екені рас. Сонымен қатар жастар дегеннің, оның жастық шекараның анықтамасы өте маңызды екенін атап айту қажет, өйткені жастар саясатының сипаты, бағыттары мен нәтижелігі көбіне-көп осы анықтамаларға байланысты.

Жастар саясатының анықтамасына көшпес бұрын жалпы саясат дегенге анықтама беру қажет. «Қазақстан саясаттану энциклопедиясы» саясат деген ұғымға мынадай анықтама береді: «Саясат алуан бейнелі. «Саясат» деген ұғым өзара байланысты құбылыстармен үдерістердің тұтас бір кешенін қамтиды. Бұлар : 1) әлеуметтік топтардың және олардың өкілдері болып табылатын билік мекемелерінің ұйымдастырушылық қызметі; 2) әлеуметтік топтар мен адамдар қауымдастықтары арасындағы мемлекеттік оны жеңіп алу, ұстап тұру және пайдалану жөніндегі қоғамдық қатынастар; 3) саяси сана және мәдениет; 4) саяси ұйымдармен нормалардың жиынтығы. Саясаттың қоғам өміріндегі рөлі оның әмбебаптығы, баршаны қамтитын сипаты, өмірдің барлық жақтарына әсер ету қабілеті секілді үш қасиетіне байланысты.

Сонымен саясат дегеніміз қоғамның саяси саласындағы билікке қол жеткізуге, оны ұстап тұруға, нығайту мен жүзеге асыруға бағытталған саналы қызмет; әлеуметтік топтар мен олардың көшбасшылары арасындағы мемлекет жөніндегі, оның институттарын өз мүдделеріне пайдалану жөніндегі қатынастар; мемлекеттер мен олардың одақтары арасындағы қатынастар саласындағы қызмет. Саясаттың ең маңызды мақсаты мен міндеті – қоғамның тұтастығын қамтамасыз ету[1].

Жастар саясаты дегеннің бірнеше анықтамасы бар. КСРО-да «жастар саясаты» деген терминді алғаш рет 1987 жылы «Коммунист» журналында философия ғылымдарының докторы И.М.Ильинский айтып, оған мынадай анықтама берді: «Біріншіден, бұл жас

ұрпақтың социалистік қоғамдағы орны мен рөлі туралы идеялар, теориялық қағидалар жүйесі, екіншіден, бұл партияның, совет мемлекетінің, қоғамдық ұйымдар мен басқа да әлеуметтік институттардың жастарды қалыптастыру және дамыту, олардың шығармашалық мүмкіндіктерін жаңа қоғам құрылысы мүдделеріне сай жүзеге асыру мақсатында ілгеріде айтылған идеялар, қағидалар мен директиваларды жүзеге асыру жөніндегі практикалық қызметі»[2].

Кейінірек, әсіресе «КСРО-дағы мемлекеттік жастар саясатының жалпы бастаулары туралы» заң қабылданғаннан кейін басқа зерттеушілердің жастар саясатына қатысты анықтамалары шықты.

Жалпылай айтқанда А.К.Самаевтың 1993 жылы Жастар институтында қорғалған «Қазақстанда 80-ші жылдардың екінші жартысында – 90-шы жылдардың басында жастар саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыру тәжірибесі» деген диссертациясында былай делінген: «Саясаттың басқа түрлерінен өзгеше жастар саясатының өзіне тән ерекшелігі жастар проблемаларын шешуге барып тірелетін әлеуметтік институттарды қамтитын саяси қызмет (қоғамның саяси өмірі). Жастар саясатының өзі оның субъектілеріне ерекше әлеуметтік демографиялық топ ретіндегі жастардың мүдделері мен қажетсінулерін қорғау және жүзеге асыру жөніндегі, субъектілердің өз мүдделері үшін жастарға әсер-ықпалы жөніндегі ғылыми негізделген теориялық және практикалық қызметі.

Жастар саясатының субъектілері, бір жағынан, мемлекет, саяси партиялар, кәсіподақтар, қоғамдық ұйымдар, діни топтар және т.б., екінші жағынан, жастардың өздері. Осыған сәйкес саясаттың субъектілері бойынша топтастырғанда мемлекеттік, партиялық, кәсіподақтық жастар саясатын саралауға болады.

Ресейлік авторларының заманауи жастар саясатына және мемлекеттік жастар саясатына арналған тараулары екі кітабына ерекше назар аударған жөн. Атап айтқанда: Санкт-Петербург университеті 1996 жылы профессор В.Т.Лисоаскийдің редакциясымен шығарған «Жастар әлеуметтануы» деген оқулық және А.И.Ковалева мен В.А.Луковтың Жастар институты (Мәскеу қ-сы) негізінде дайындалып, 1999 жылы шыққан «Жастар әлеуметтануы: Теориялық мәселелер» деген монографиясы.

«Жастар әлеуметтануы» деген оқулықта жастар саясатының анықтамасына қатысты әртүрлі пікірлер қорытылған түрінде көрсетілген. Бұл басылымда, атап айтқанда «жастар саясаты» деген терминмен жас ұрпаққа қатысты жүзеге асырылатын бірқатар мемлекеттік және әлеуметтік функциялар белгіленеді делінген. Біріншіден, бұл өте кең, көпфункционалы саясат, оған туғаннан бастап 29 жасқа дейінгі жас адамдарға тікелей немесе жанама түрде қатысты шаралардың үлкен тізбесі (балабақшалар, отбасын қолдау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, жұмыспен қамту, тұрғын үй, бос уақыт, міндетті әскери қызмет және т.б.) қамтылады.

Екіншіден, «жастар саясаты» дегенде мамандырылған орталық үкіметтік және муниципалдық (жергілікті) мекемелердің комитеттердің, жастар істер жөніндегі комиссиялардың қызметі айтылады; бұлар басқа құрылымдармен бірге жастар арасындағы жұмыссыздық, жасөспірімдер арасындағы қылмыс, жас отбасының әлеуметтік қорғалмағандығы проблемаларын қамтитын жекелей мәселелерді бірлесіп шешеді.

Үшіншіден, «жастар саясаты» деген термин жігіттер мен қыздардың бос уақыты және білім алуы саласындағы саясатқа ғана қатысты. Кейде жастар істерді жөніндегі комитеттер спорт және дене шынықтыру жөніндегі тиісті комитеттермен біріктіріледі. Ал мұның өзі нақты бір аумақтағы жастар саясатының мәнін тікелей және тар мағынада ұғынушылықты көрсетеді.

Оқулықта жастар саясатының мәнін тар мағынада болсын, сондай-ақ кең мағынада болсын түсіндіруді ғалымдар мен практиктер сынға алып отырғаны айтылғаны рас.

2001 жылы жастар проблемалары саласындағы белгілі маман И.М.Ильинскийдің «Жастар және жастар саясаты. Философия. Тарих. Теория» деген кітабы шықты. Сол кітапта жастар саясатының басты және жалпы мағынасының (мәнінің) анықтамасын келтірейк.

Оның мәнісі «қоғамда, біріншіден қоғамдық саяси, адамгершілік-психологиялық климат жасалуы, екіншіден, жастардың өмірлік қарекетіне ұтымды жағдайлар (ең алдымен материалдық жағдайлар жасалуы), үшіншіден қызмет стимулдары жасалуы керек және бұлардың бәрі жастар өзінің мүдделерін неғұрлым толық қанағаттандыра алатындай, өзін едәуір толық көрсете алатындай және қоғамымыздың әлеуметтік прогресі мақсатында жас ұрпақтардың жедел түрде психикалық кемелденуі мен әлеуметтік дамуына бастайтындай болуы керек»[3].

А.К.Самаевтың диссертациясымен және А.И.Ковалева мен В.А.Луковтың «Жастар әлеуметтануы: Теориялық мәселелер» деген монографиясымен қатар жастар саясатын саясаттың субъектілері бойынша топтастырудың дұрыстығы профессор А.П.Скоровтың мақаласында да көрсетілген.

Жастар саясатын анықтамаларына талдау жасай келіп, олар көбінесе тұтас алғанда жастар саясатына қатысты деген қорытындыға келеміз. Жастар саясатының субъектісіне (мемлекетті қоспағанда) және деңгейіне байланысты бірталай анықтамалар бар. Аймақтық жастар саясатына Волгоград облысындағы Аймақтық мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасында берілген анықтаманы келтіруге болады: «Аймақтық жастар саясаты дегенде Ресей Федерациясы субъектісінің аумағында мұндай саясаттың жалпыресейлік мақсаттары мен принциптері негізінде және аймақтық ерекшеліктер мен ресурстарға сүйеніп жүзеге асырылатын мемлекеттік жастар саясаты ұғынылады». Саясаттың бұл түрінің анықтамасы «XXI ғасырдағы ювенология және ювенолдық саясат» деген кітапта бар. Онда, атап айтқанда, аймақтық деңгейде мемлекеттік жастар саясатын жүргізудің бағдарламаларын аймақтық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып жасауға ерекше маңыз берілетіні айтылған. Аймақтық заңнама федералдық заңнамада регламенттелмеген мәселелерді білдіреді[4].

Мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен жүзеге асырудың негізгі принциптері заманауи талаптарға сәйкес қалыптасқаны және әрдайым сатылы түрде дамығаны рас. Қазіргі қоғамға сай жастар саясатының тұжырымдамаларының әлемдік деңгейде теоремалары дамуы, уақыт талабы. Әр елдің негізгі тірегі әрі болашағы жастар болуы, сәйкесінше олардың белсенділігін артырудың механизмдерін дамытуға әрекет жасауы, қажеттілік болып қалыптасты. Жалпы еліміздің жастар саясатын қалыптастырып жастардың бойында отаншылдық сезімді нық орнықтыру үшін, заманауи қалыптасқан тұжырымдамаларды саралап, қазақ жастарына сай тұжырымдама жасау керектігі анық.

Қолданылған әдебиет:

1. Казахстанская политологическая энциклопедия/ гл.ред. Т.Т.Мустафин.- Алматы: Ин-т развития Казахстана, 1998, с 255-256.
2. Ильинский И. Развитие социализма и молодежь // Коммунист. 1987. № 6, с 25.
3. Ильинский И.М. Молодежь и молодежная политика. Философия. История. Теория. М.: Голос, 2001. с 581.
4. Ювенология и ювенольная политика в XXI веке: опыт междисциплинарного исследования / Под.ред. Е.Г.Слущкого.СПб.: Знание, ИВЭСЭП, 2004. с 645.